

**Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанынан
Қорғаныс Өнеркәсібі жөніндегі комитет құру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 16 қаңтар N 2774.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.26. N 3531
Жарлығымен. ~U973531

Қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының мұқтаждарын
қанағаттандыру жөніндегі арнаулы объектілер қызметін мемлекеттік реттеу
мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанынан
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.
2. Комитет Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері
мен әскери құрамаларының мұқтаждары үшін арнаулы өнімдер әзірлеу мен
өндіруге қатысатын шаруашылық жүргізуши субъектілердің қызметін
мемлекеттік реттеу мен үйлестіру функцияларын қамтамасыз ету жөніндегі
салааралық орган болып табылады деп белгіленсін.
3. Комитеттің өз құзыреті шегіндегі шешімдері Қазақстан Республикасының
орталық және жергілікті атқарушы өкімет органдары үшін міндетті.
4. Комитеттің негізгі міндеттері:
 - 1) қорғаныстық және қосарлы қолданыс өнімдерін әзірлеу мен өндіру,
қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялау жоспарларын қалыптастыру,
әскери-техникалық ынтымақтастық, сондай-ақ әскери мақсатқа арналған
өнімдерді экспорттық-импорттық беріп тұру саласында мемлекеттік саясатты
жүзеге асыру;
 - 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын іске
асыру, жұмылдыру қуаттары мен резервтерін құру, қорғаныс өнеркәсібінің
тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды орындауды
ұйымдастыру болып белгіленсін.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
 - 1) комитет аппаратының саны, құрылымы, қаржылық және
материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі мен оны құпиялылық режимін
сақтауды ескере отырып орналастыру мәселелерін шешсін;
 - 2) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы
Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы ережені бекітсін.

6. "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" 1995 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің N 2541 Жарлығының 1-тармағының 3)-тармақшасындағы "оның функциясын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктей отырып" сөздері алынып тасталсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 409-құжат).

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК